

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожамметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
Кумекон Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакостроения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында)

Қали А.Н.

Магистр Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада 1941–1945 жылдардағы соғыс, сол тұстағы біртұтас мызғымас Кеңестер Одағы аталған алып мемлекет үшін ғана емес, оның құрамындағы Қазақ кеңестік республикасы (ҚазКСР) үшін де тарихи кезең болғандығы қарастырылады. Бүкіл Қазақстан халқымен бірге облыс жұртшылығы да осынау ауыр сынды абыроймен көтере алды. Соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ облыста халық шаруашылығын майдан талабына қарай бейімдеу қолға алынды. Сөйтіп барлық өнеркәсіп, ауылшаруашылық және т.б. толықтай «Бәрі де майданға, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен майданға үлес қосуға жұмылдырылды. Мақалада көтерілген мәселелер Жамбыл облыстық мемлекеттік архиві құжаттары негізінде баяндалады. Мақала №АР05132125 «Қазақстанның ұлттық әскери құрамалары соғыс майдандарында (1941-1945 жж.)» жобасы аясында жазылды.

Түйін сөздер: Қазақ кеңестік социалистік республикасы, Ұлы Отан соғысы, тарих, Жамбыл облысы, майдан

ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области)

Кали А. Н.

Магистр истории, Младший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Аннотация. *Введение.* В статье проводится тезис о том, что война 1941-1945 гг. стала исторической вехой не только для могучего государства под названием СССР, но и для Казахстана, входившего в его состав. Вместе с народом Казахстана и население Жамбылской области с честью выдержало это испытание. С первых дней войны в области была осуществлена перестройка народного хозяйства согласно требованиям военного времени. Таким образом вся экономика, промышленность и сельское хозяйство было мобилизовано на помощь фронту под девизом «Все для фронта, все для Победы!». Проблемы, изложенные в статье, освещена на основе материалов Жамбылского областного государственного архива.

Статья написана в рамках проекта № АР05132125 «национальные воинские формирования Казахстана на фронтах войны (1941-1945 гг.)».

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Казахская ССР, фронт, история, Жамбылская область, мужество, народ, победа

CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION)

Kali A.N.

Master of historical Sciences.CH. Valikhanov Institute of history and ethnology.

Abstract. *Introduction.* the article presents the thesis that the war of 1941-1945 was a historical milestone not only for the mighty state called the USSR, but also for Kazakhstan, which was part of it. Together with the people of Kazakhstan, the population of Zhambyl region passed this test with honor. From the first days of the war in the region was carried out the restructuring of the national economy in accordance with the requirements of wartime. Thus, the entire economy, industry and agriculture were mobilized to help the front under the motto «Everything for the front, everything for Victory!». The problems described in the article are covered on the basis of materials from the Zhambyl regional state archive.

The article was written in the framework of the project no. AP05132125 «national military formations of Kazakhstan on the war fronts (1941-1945)».

Keywords: Great Patriotic war, Kazakh SSR, front, history, Zhambyl region, courage, people, victory.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыстың Кеңестер Одағы үшін 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы деп аталатын кезеңінде жауға қарсы күресу үшін бүкіл халық тізе біріктірді, бір кісідей жаппай жұмылып, майдан және тылдағы еңбек алаңында ғажайып ерлік көрсетті. Ұлы Жеңісті жақындатуға қазақстандықтар да зор үлесін қосты. Алғашқы сәттен бастап ақ отандастарымыз ерікті түрде майданға аттанды. Майдан далаларында 1,2 миллион қазақстандық, яғни әрбір төртінші жерлесіміз жауға қарсы соғысса, Қазақстан майданның қуатты арсеналына айналды. Мысалға, 1939 ж. халық санағы бойынша Қазақстанның халқы 6.2 млн. адам болса, соғыс басталғанда 1.196.164 қазақстандық қару алып, Отан қорғауға аттанды. 170 мың Қазақстан азаматтары соғыс басталғанда әскер қатарында болды.

Солардың қатарында жамбылдықтар да бар. Мына дерекке тоқталар болсақ «облыстан майданға толық емес есеп бойынша 70 мыңнан астам адам әскерге шақырылған. Олардың 15 429-ы майдан даласында опат болды, 17 639-ы хабарсыз кетті, ал 107-і тұтқыннан қайтпады, 36 260 жауынгер елге оралды. 270 жамбылдық қыз-келіншектер майдан даласындағы шайқастарға қатысты» (Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). Ғылыми-көпшілік басылым, 2015:584).

Қазақстандықтар өзге ұлт өкілдерімен иықтаса жүріп Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Киев, Минск секілді көптеген қалаларды қорғады, Белоруссия мен Украинаны, Балтық елдері мен Еуропаны фашист басқыншыларынан азат етті. Сол қанмайданда ерлігімен танылған 500-дей қазақстандық Кеңес Одағының батыры атанды, 100-ден астамы - Даңқ орденінің толық кавалері болды, ал төртеуі екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алды. Жеңіс күнін жақындатқан әрбір қазақстандықтардың ерлігі мен есімін халық мәңгі жадынан шығармайды. Сондықтан олардың ерлік жолы мен Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесін болашақ ұрпақтың санасына сіңіру өмір талабы.

Әдіснама мен әдістері

Мақаланы жазу барысында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың, оның Жамбыл облысы еңбеккерлерінің Жеңіске қосқан үлесі мен ерлігін талқылау мәселесіне қатысты тарих ғылымының танымал мамандарының зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелер тұрғысынан зерделенді. Ұлы Отан соғысы тақырыбын толыққанды зерттеген атақты ғалымдар А. Нүсіпбеков, Ғ. Әбішев, Т. Балақаев, М. Қозыбаев, Н. Едігенов, Қ. Алдажұмановтардың еңбектері басшылыққа алынды. Жұмысты жазуда тарихи жүйелілік, тарихи салыстырмалылық, жазба деректерді зерттеу, деректерді талдау, құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дістүрлі әдістері қолданылды.

Деректік негізі

Деректік негізін Ұлы Отан соғысына қатысты Жамбыл облыстық мемлекеттік архивінің 282-қоры (Жамбыл облыстық партия комитеті) және 399-қорының (Жамбыл облысының атқару комитеті) материалдары құрайды.

Талқылау

Арада жетпіс бес жыл уақыт өтседе Ұлы Отан соғысы тақырыбы зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Олар өз зерттеулерінде сол майдан даласында қаламды қаруға айырбастаған ғалымдар, осы мәселе жөніндегі тарихнаманың негізін қалаған академик А. Нүсіпбековтың (Нусипбеков, 1949. Т.2:287-349; Нүсіпбеков, 1961:35-41), Ғ. Әбішевтің (3) соғыстан кейінгі жылдары жарық көрген еңбектерін басшылыққа алады. Отты жылдар шежіресін жазуда академик М.Қ. Қозыбаев елеулі үлес қосты. Автор өз еңбектерінде мол архив деректері негізде республика еңбекшілерінің тұтастай соғысқа жұмылдырылуы, ел экономикасын әскери жағдайға бейімдеуге, майданды қамтамасыз етуді тез арада жолға қойған және ұйымдастыра алған Қазақстан Компартиясының қызметін кешенді түрде қарастырады (Қозыбаев, 1964:364).

Ұлы Отан соғысы ХХ ғ. 50-80-ші жылдары зерттеушілердің басты тақырыбына айналған кезең болғандықтан жекелеген ғалымдардың еңбектерімен қатар бірнеше жинақтар дайындалды. Атап айтсақ, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты мен КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалы - Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институты және Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағаты «Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945» атты екі томдық шығарады. Жинақтың бірінші кітабында құжаттар мен материалдардың басым көпшілігі республиканың майдандағы армия арсеналдарының біріне айналғанын, сондай-ақ қазақ, орыс және көп ұлтты Қазақстанның өзге ұлт өкілдерінің ерлігін көрсетеді (Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945.Т.1. Сборник документов и материалов, 1964:594). Оның жалғасы болып табылатын екінші томға Қазақстанның Ұлы Отан соғысының соңғы кезеңіне (1944-1945 жж.) қатысуын көрсететін құжаттар мен материалдар алғаш рет енгізілген (Т.2. Сб. док. и матер., 1967:526).

Ал 1968 ж. «Казахстан в Великой Отечественной войне: Очерки» атты екі шығарылымнан тұратын жинақ жарық көрді. Кітапта қазақстандықтардың Мәскеу түбіндегі шайқасқа, Сталинград шайқасына, Днепрден өту кезіндегі ұрыстарға, жау басып алған Кеңес жеріндегі партизандық қозғалысқа қатысуы көрсетілген. Онда республиканың өнеркәсібін, көлігі мен ауыл шаруашылығын әскери тұрғыда қайта құру, жұмысшы табының, колхозшы шаруалар мен интеллигенцияның жауды жеңуді, майданға, жауынгерлердің отбасыларына және босатылған аудандарға жан-жақты көмек көрсетуді қамтамасыз етудегі жанкешті ерліктері мен қайсалықтары туралы айтылады. Жинақта жаңа деректік материалдар, майданға қатысушылардың естеліктері, сондай-ақ мерзімді баспасөз бен әдеби шығарамалар пайдаланылған (Казахстан в Великой

Отечественной войне: Очерки / Вып.1., 1968:289). Соғыс жылдарындағы қазақстандық партизандар туралы Н. Едігеновтың редакциялық етуімен жарық көрген жинақта айтылады (Шла война народная: Партизаны Великой Отечественной – казахстанцы, 1985:320).

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған іргелі зерттеулердің бірі М. Қозыбаевтың 1970 ж. жарық көрген «Казахстан – арсенал фронта» атты монографиялық еңбегінде 1941-1945 ж. республиканың халық шаруашылығын майдан талабына сай қайта құрудың қиындықтарымен қазақстандықтардың Жеңіске қосқан зор үлесін архив құжаттарымен дәйектейді (Қозыбаев, 1970:476).

Аталған еңбектермен қатар қазақстандықтардың Жеңіске қосқан үлесі туралы В.В. Басиннің (Басин, 1965:164), М. Қозыбаевтың «Ұлы ерлік» (Қозыбаев, 1980), Т. Балақаевтың (Балақаев, 1971:351), Н. Едігеновтың (Едыгенов, 1972:208), П.С. Беланның (Белан,) зерттеулерінде бұл тақырыпқа қатысты жаңа көзқарастар, соны пікірлер айтылады. Танымал ғалымдар Т.Б. Балақаев пен Қ.С. Алдажұмановтың «Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.)» атты іргелі монографиялық зерттеулерінде соғыс жылдарында Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар мен дивизиялар, Отан қорғау қоры және оның жұмысы, республика еңбекшілерінің Кеңестер Одағының қорғанысына қосқан үлесі, майдан мен тылдағы ерліктері, сондай-ақ жау қолынан азат етілген аудандарға көрсетілген көмек туралы жазылған (Балақаев, Алдажұманов, 1985:320).

Айтылған еңбектер кеңестік кезеңде жазылғанымен өзінің архивтік мол тың деректерімен Қазақстан халқының ерлігін паш етуге арналғаны анық. Бұл мәселеге еліміз тәуелсіздік алған соң сыни көзқарас тұрғысынан қарастырған М.Қ. Қозыбаевтың (Қозыбаев, 1991:254; Қозыбаев, 1998:344; 1998:288; Қозыбаев, 2000:420), Н. Едігеновпен бірлескен авторлықта (Қозыбаев, Едыгенов, 1995:175), П.С. Беланның (Белан, 1995:336), Қ.С. Алдажұмановтың (Алдажұманов, Алдажұманов, 1997:16; Алдажұманов К., Анес Г., Валиханов Е., Кан Г. и др., 1998:410) және т.б. зерттеушілердің еңбектері тың тұжырымдарымен өте бағалы.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдары республиканың өзге де зерттеушілерімен бірлесе отырып, академик М.Қ. Қозыбаевтың жетекшілігімен Жеңістің 50-жылдығына арнап қайтыс болған жауынгерлерге арналған «Боздақтар: Жинақтама томы» жаңа ізденістердің нәтижесі болып табылады (Книга Памяти Казахстана – Боздақтар, 1995:480). Бұл бастама облыстар бойынша қолдау тауып, әр облыстар бойынша жалғасын тапты.

Ал Жамбыл облысы еңбеккерлерінің соғыс жылдарындағы ерен ерліктері мен майданға қосқан зор үлесі туралы Ж.А. Аралбаевтың редакторлығымен дайындалған анықтамалықта (Джамбулская область. Краткий историко-географический и культурно-экономический справочник ..., 1970:), жергілікті зерттеуші-ғалым К. Рыспаев (Рыспаев, 2006:408), архивтанушы М. Рысдәулет (Рысдәулет, 2014:544) еңбектерінде қарастырылған. Академик М. Қойгелдиевтің ғылыми жетекшілігі және редакторлық етуімен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арнайы шығарылған жинақта Жамбыл облысы еңбеккерлерінің майданға қосқан үлесі мен тылдағы ерлік жолдары облыстық мемлекеттік архив материалдары мен соғыс жылдарындағы мерзімді басылымдар, сондай-ақ көзі тірі майдангер және тыл ардагерлерінің естеліктері тотастырылған ғылыми-көпшілік басылымда тың архив деректері берілген (Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). Ғылыми-көпшілік басылым, 2015:584.).

Нәтижесі

Ұлы Отан соғысы басталған күннен бастап Қазақстанның экономикасы мен халық шаруашылығы, ірі өнеркәсіп ошақтары әскери бағытқа көшірілді. Соған байланысты бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы барынша қысқартылды, барлық кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Республиканың өзге өлкелерімен бірге Жамбыл облысының еңбеккерлері де соғыс жағдайына толықтай бейімделді.

Ұлы Отан соғысы басталысымен 1941 жылдың 31 маусымындағы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің №346-шы қаулысына байланысты жалпыға бірдей мобилизация жүргізіліп, ескі мәліметтер бойынша республика халқының 25%-ы майданға алынды делінсе, соңғы жылдардағы есеп бойынша еліміздің 18 бен 50 жас аралығындағы ер-азаматтарының 70%-ы майданға аттанғаны белгілі болып отыр (Казахстан в период Великой Отечественной войны// <http://e-history.kz/ru/contents/view/923>).

Соғыс жадайында жалпыға бірдей мобилизация шараларын жүзеге асыруда КСРО Қорғаныс Комитетінің 1941 жылғы 17 қыркүйектегі «КСРО азаматтарын жаппай міндетті түрде әскер қызметіне дайындау туралы» қаулысына байланысты әскери дайындықтан жедел түрде өткізулер жүргізілді. Қысқа мерзім арасында Жамбыл қаласында құрылған 28 даярлық курстарынан 7138 адам әскери жаттығудан өтіп, 293 үйірмелерде әуе шабуылынан қорғану тәсіліне 23 230 адам, әртүрлі әскери мамандыққа 13 336 адам, оның ішінде 336 адам пулеметшілер, ал 23 адам гранат лақтырушылар курсына жаттығудан өтіп майданға аттанған. Мұндай шаралар облыс аудандарында да ұйымдастырылды. Мысалы, Луговой ауданында медбике даярлайтын курстан 36 әйел мен қыздар, ал әуе шабуылынан қорғануды үйрететін курстан 1676 әйелдер мен қыздар өткен.

Архив деректеріне сүйенер болсақ соғыстың алғашқы айларында облыс бойынша әскери дайындықтың әр түрінен 62 047 адам, оның ішінде 2 801 мерген, 426 пулеметші, 29 мотоцикл жүргізуші, 10 радист, 21 телеграфшы даярланған (ЖОМА, 341:1: 94:218-245).

Жамбыл облыстық КП(б)К комитеті әскери бөлімінің 1941 жылғы 1 қарашадағы жаппай жұмылдыру және қорғаныс туралы анықтамасында көрсетілгендей есепті кезеңде облыстық әскери комиссариатпен бірлесіп Азаматтық ұйымдарда жұмылдыру қорларын сақтауды тексеру кезінде қорғаныс-бұқаралық жұмыс бойынша атқарылған істерінің көрсеткішін қарастырып көрейік:

ӘЖХҚҚ (ПВХО) нормалары бойынша ересек тұрғындар арасында жоспар бойынша – 183 000 адам болса, нақтысы 1777 873 адам дайындалды, бұл 97,1% құрайды. Дайындықпен 6 200 адам қамтылған. Жасөспірімдерді дайындау жоспары – 31000 адам, ал дайындалғаны 36273 адам немесе 117%. Нұсқаушылар – жоспар 1860 адам, дайындалғаны – 1992 адам – 107%. Сондай-ақ 25 өзін-өзі қорғау тобы құрылады. Ал мемлекеттік кәсіпорындар мен колхоздарда өзін-өзі қорғау топтарының бастықтары дайындалады, 792 адам, тұрғын үйлерде 290 адамды тартқан.

Осы архив құжатында айтылғандай, атыс кадрлары бойынша: ЮВС жоспары 2588 адам, дайындалғаны 2220 немесе 85%; 4854 адам немесе 127%. Пулеметшілердің - жоспарда 178 адам, 525 адам немесе 295% дайындалды. Пулеметшілер жоспары 30 адам, 135 адам немесе 450% дайындалды. Кіші командирлер жоспары 28 адам, 52 адам дайындалды немесе 185% орындалғанын көреміз.

Ал, кавалериялық кадрлар бойынша: I-дәрежелі Ворошилов шабандоздары - жоспар 800 адам, 300 адам, яғни 48,75% дайындалды. II-дәрежелі Ворошилов шабандоздары - жоспар 15, дайындалғаны 50 адам немесе 333%. ЮВВ 49 адам дайындалды. ГВС жоспар - 150 адам болса, 268 адам, 178%-ы дайындалған.

Басқа кадрлар бойынша:

Мотоциклистер жоспарда – 58 адам, даярланды – 77 адам немесе 124%, 94 адам дайындалуда. Радистер жоспарда – 59 адам, даярланды – 101 адам, 72 адам дайындалуда, ал телеграфистер жоспарда – 60 адам, даярланды - 96, дайындалып жатыр – 60 адам. Телефонистер жоспарда - 60 адам, даярланды – 51 адам, дайындалып жатыр – 35 адам, тіпті жас көгершін өсірушілерді де дайындаған, яғни жоспарда -29 адам, даярланды - 28.

Дене шынықтыру және спорт бойынша:

БГТО нормалары бойынша жоспар – 1000 адам, дайындалған – 974 адам немесе 97,4%, 275 адам дайындалып жатыр. ГТО I – ст. жоспар – 1600 адам, дайындалған 1485 адам немесе 92,8%, дайындалған 1158 адам, ГТО II-ст. жоспар 20 адам дайындалды 21 адам немесе 105%, дайындалған 22 адам, қоян-қолтық ұрысқа қатысушылар (рукопашники) жоспар – 2000 адам, дайындалғаны 3002 адам немесе 150,1%, 1966 адам дайындалуда.

Аңшы барлаушылар жоспары 400 адам, дайындалды 562 адам, немесе 140,5%, дайындалуда – 10 адам, гимнасттар жоспары 250 адам, дайындалды 338 адам, немесе 135,2%, дайындалуда – 65 адам, жеңілдетілген-гранатометшілер жоспары 6000 адам, дайындалды 7435 адам немесе 122,25%, дайындалуда – 1324 адам. Автомотокадрлар жоспары 145 адам, даярланды 77 адам немесе 53,2%, 22 адам дайындалуда.

1. Осы құжат деректері бойынша сол жылғы 1 қарашада Қорғаныс қорына 1442 мың сом, облигациялар – 3033 мың сом, облигациялар – 421 мың сом түссе, астық – 6107 т., ет – 850 т., май – 10,8 т., жүн – 31,3 т үскен. Ауылшаруашылық дақылдарынан: Қарбыз – 14,2 т., қырыққабат – 5,29 т., қызанақ – 11,0 т., алма – 10,0 т., сүт – 40,7 л., қияр – 22,0 т., картофель – 108,2 т., пияз – 10 т., қауын – 7,0 т. түсіп, майданға жіберуге дайындалған (ЖОМА. 282:1:260;10-10-к.)

Ал жалпыға міндетті оқу бойынша Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысына сәйкес әскери міндеттілерді жалпы оқыту 1941 жылдың 1 қарашасынан басталып, жалпы білім берумен облыс бойынша барлығы 2574 адам қамтылса, оның ішінде қол пулеметшілері – 349 адам, станокты пулеметшілер – 200 адам, танктерді жоюшылар – 77 адам, мергендер – 1948 адам дайындалған екен («Соғыс. Халық. Жеңіс». Құжаттар мен материалдар жинағы (1941-1945 жж.). Том 1, 2015:58).

Сондай-ақ КСРО мемлекеттік қорғаныс комитетінің шешіміне сәйкес қысқа мерзімде Қазақстанда бес ұлттық дивизия мен бригада жасақтау қажет деп табылып: 105, 106, 96 ұлттық атты әскер дивизиялары және 100, 101 ұлттық атқыштар бригадасы және 238, 310, 314, 387, 391, 316 атқыштар дивизиялары құрылды. Осыған орай шұғыл түрде Жамбыл қаласы мен облыста 1941 ж. маусымда 678-ші жеке атқыштар батальоны, тамызда 81-ші атты әскер дивизиясы, шілдеде дербес инженерлік-құрылыс батальоны және жыл соңында газсыздандыру отрядтарымен қатар т.б. бірнеше құрамалар жасақталып, майданға аттандырылды. Сонымен қатар Бас Қолбасшы Сталиннің 1941 ж. 13 қарашадағы бұйрығы және КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің № 894 қаулысымен Жамбыл қаласында 105-ші дербес ұлттық атты әскер дивизиясы жасақталынған (ЖОМА, 282:1:259:10; 453:29).

Жалпы алғанда, еліміздегі әскери мекемелердің мәліметтері бойынша Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиялары, 7 атқыштар бригадалары, 50-ге жуық жеке полктар мен батальондар құрылған. Яғни, Қазақстаннан 1 млн. 200-ден 1 млн. 400 000 адам майданға алынғандығы айтылады.

1943 ж. 26 тамыздағы Жамбыл қалалық партия комитеті әскери бөлімінің берген мәліметі бойынша 1941 ж. маусымында 678-ші ерекше атқыштар батальоны, ал, шілдеде ерекше инженерлер құрылыс батальоны, тамыз айында 81-ші атты әскер дивизиясы, қарашада ерекше ұлттық атты әскер дивизиясы, газдан залалсыздандыру отряды, ал, 1942 ж. қараша-желтоқсан айларында бесінші теміржол ротасы, 1942 ж. ақпанында 1914 жұмысшы батальоны, 1919 жұмысшы батальондары жабдықталған (ЖОММ, 282:1:453:4).

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы да майдан талабына сай жұмыс істеуге көшірілді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап облыстың барлық аудандары Отан қорғау қорына мал өнімдерін, азық-түлік, жоспардан тыс 50 000 сомның ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыруға міндеттеме алды. Облыс колхозшылары ауыл шаруашылығының артық өнімдерін мемлекетке тапсыру, жоспардан тыс шөп дайындау, ет, сүт, бидай, картоп, көкөніс өнімдерін артығымен өткізуге міндеттеме алады. Мысалға, Луговой ауданының колхозшылары мемлекетке астық

тапсыруды мерзімінен бұрын орындап, қалған егінді түгел жинап алған. Соғыстың барлық ауыртпашылығын көтерген Луговой ауданының әйелдері қысқа мерзімде трактор жүргізуді үйреніп, күндік нормаларын 150-200%-ға орындаған. Еңбекке жарамды ер азаматтар соғысқа аттанып кеткендіктен колхоздардағы жаңа жұмыс күші мектеп бітірген жастардың есебінен толықтырылып отырды және астық жинау науқаны кезінде еңбектеген баладан қартқа дейін жұмысқа тартылып, Жеңіс жолында тер төкті.

Ел басына түскен ауыртпашылықтар мен қиындықтарға қарамастан облыстың ауыл еңбеккерлері өз міндеттерін адал орындап, Жеңіс сағатын жақындатуға барынша үлес қосты. Техниканың аздығы мен тілін жетік меңгермегендіктеріне қарамастан Жамбыл ауданының Ильич атындағы колхозы, Шу ауданының «Көктөбе», Сарысу ауданының Чкалов атындағы колхозы, Меркі ауданының «Большевик», Луговой ауданының «Мақпал», Көктерек ауданының «Бірлік» колхоздары 1942 жылы көкемгі егін жұмыстарын асыра орындағаны үшін Облыстың көшпелі Қызыл Туын жеңіп алуы ауыл еңбеккерлерінің тылдағы ерлігінің айғағы болып табылады (ЖОМА, 399:1:366:17-18).

Облыста соғыстың алғашқы күндерінен бастап мал шаруашылығына және оның басын өсіруге барынша көңіл бөлінді. Бірақ жұмыс қолының тапшылығынан бұл салада да ауыртпашылықтар мен қиындықтар орын алды. Малдың дұрыс күтіп-бапталмауы мен ветеринарлық-зоотехникалық бағыттағы іс-шаралардың жүргізілмеуі салдарынан мал аурулары салдарынан өлім-жітімге жиі ұшыраған (ЖОММ, 282:1:277:116).

Архив құжаттары бойынша облыстағы мал басының кемуіне байланысты малдан алынатын өнімнің де 1941 жылмен салыстарғанда жыл сайын кеміп отырғанына куә боламыз.

Кесте 1 – Жамбыл облысы бойынша 1941-44 жж. алынған мал өнімдерінің көрсіткіші (ЖОМА, 282:1:42:49).

Жыл Өнім	1941	1942	1943	1944
Сүт (1 сиырдан сауылатын)	1074 ц	979 ц	705 ц	578 ц
Жүн (1 койдан қырқылатын)	3,0 ц	2,6 ц	1,8 ц	2,5 ц

Көріп отырғанымыздай, 1944 ж. колхоздар мен совхоздар мемлекетке сүт, ет тапсыру жоспарын орындай алмаған. Облыс жоспар бойынша мемлекетке осы жылдары 24756 центнер сүт тапсыру керек болса, оны 14077 центнерге (56,9%) орындаған, ет тапсыру жоспары 9124 центнер болса, ол 8960 центнерге (98,3%) орындаған.

Дегенмен Жеңіс үшін еңбек еткен, Жеңіске сенген халық бар тапқаны мен қолда барын, азық-түлігін, киімнің ең жылысын, сапалысын майдандағы жауынгерге жіберді.

Республиканың ірі өндіріс орындарындағыдай облыстық кәсіпорындарда соғыс талабына сай жұмыс істеді. Облыстағы үлкен кәсіпорны саналатын Жамбыл қант зауыты да осындай бағытқа ауыстырылды. Ондағы негізгі жұмыс күші әйелдер мен жасөспірім балалар болды және оларды дайындау курстары жүргізілді (ЖОММ, 282:1:203:38,60).

Облыстың кәсіпорындары жанар-жағармайдың жетіспеушілігі салдарынан жұмыс істегенінен істемей тұрғаны көп болды. Қала берді жұмысшылардың саны мен сапасы да төмен еді.

Қазақстанның теміржолдарында 1941 жылдың 24 маусымында 18 сағаттың ішінде пойыздар

